

Үкіметтік комиссия құру туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2021 жылғы 27 тамыздағы № 142-ө өкімі.

1. Қосымшаға сәйкес құрамда 2021 жылғы 26 тамызда Жамбыл облысында болған өрт пен жарылыстардың салдарын жою жөніндегі үкіметтік комиссия (бұдан әрі – Комиссия) құрылсын.

2. Комиссия:

1) дереу жұмысқа кіріссін, келтірілген залалды бағалау және жарылыстардың салдарын жою, зақым келген инфрақұрылымды қалпына келтіру, сондай-ақ зардап шеккендерге және қаза болғандардың отбасыларына көмек көрсету жөнінде шаралар қабылдасын;

2) қажет болған жағдайда, заңнамада белгіленген тәртіппен Комиссия жұмысына мемлекеттік органдар мен ұйымдардың өкілдерін тартсын.

3. Комиссия басшысы жұмыс нәтижелері және көмек көрсету бойынша қабылданған шаралар туралы баяндасын.

Премьер-Министр

А. Мамин

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2021 жылғы 27 тамыздағы
№ 142-ө өкіміне
қосымша

2021 жылғы 26 тамызда Жамбыл облысында болған өрт пен жарылыстардың салдарын жою жөніндегі үкіметтік комиссияның құрамы

Скляр Роман Васильевич	- Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары, басшы
Сапарбаев Бердібек Машбекұлы	- Жамбыл облысының әкімі, басшының орынбасары
Ермекбаев Нұрлан Байұзақұлы	- Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі
Ильин Юрий Викторович	- Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрі
Баймұқашев Мұрат Қалибекұлы	- Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары
Өскенбаев Қайырбек Айтбайұлы	- Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму бірінші вице-министрі
Біржанов Ержан Ерікұлы	- Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі
Бүркітбаев Жандос Қонысұлы	- Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі
Жаналинов Данияр Еренғалиұлы	- Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі

Әбдіқадыров Әлішер - Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министрі
Елісұлы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК